

**Бекітемін**  
**ЖШС «Айсана»** жекеменшік  
 балабақшасының меңгерушісі :  
 Кырманшина Д.С.



### ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : ЖШС «Айсана» жекеменшік балабақшасы

Топ: « **Балапан** » кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.10 - 27.10.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

| Апта күндері  | <i>Дүйсенбі</i>   | <i>Сейсенбі</i>                       | <i>Сәрсенбі</i> | <i>Бейсенбі</i>                       | <i>Жұма</i>                           |
|---|---|---------------------------------------|-----------------|---------------------------------------|---------------------------------------|
|   |   |                                       |                 |                                       |                                       |
| <b>Балаларды қабылдау</b>   | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><b>(сөйлеуді дамыту)</b> |                                       |                 |                                       |                                       |
| <b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b> | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын атап айтқызу және байқатудың маңызы".   |                                       |                 |                                       |                                       |
| <b>Балалардың дербес әрекеті</b>  | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері.   | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері. |                 | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері. | "Еңбекке баулу"<br>Мақсат-міндеттері. |

|  |   |  |  |  |  |
|--|---|--|--|--|--|
| <p><b>(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p> | <p>Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сүртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамалдың ілетін орының суретін көрсету.</p> | <p>Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарына көңіл аудару, шаңын сүрту; жапырақтардың түсі жасыл екеніне, құстардың жасыл өсімдіктерді жақсы көретініне көңіл аудару.</p>                      |  | <p>Үстел ойындарының бұрышындағы шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап, сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңызын іс-тәжірибеде көрсету.</p> | <p>Ойын бұрыштарындағы торғайға көңіл аудару, қандай қимылдар жасайтынын, дыбыстарды шығаратынын сұрау.</p>  |
|  | <p><b>Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.</b><br/>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру. Д. Ахметова "Қораз".</p>                             | <p><b>Балапан ойыншығымен ойнату.</b><br/>Мақсат-міндеттері. Балаларға көркемсөзді тыңдап, педагогтің соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның</p> |  |  | <p><b>Пішін салғыш ойыншықпен ойын. "Тауық"</b><br/>Мақсат-міндеттері. Баланың ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br/>- Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады.<br/>Қане, барлығын</p> |

|                                  |  |  |  |   |  |
|----------------------------------|--|--|--|---|--|
|                                  | <p>- Қораз! Қораз!<br/>Тыңдашы біраз.<br/>Алтын сенің<br/>айдарың,<br/>Көрініп тұр айбарың.<br/>Терезеден бір қара,<br/>Бұршақ берем мың<br/>дана.<br/><b>(сенсорика, сөйлеуді<br/>дамыту)</b></p>   | <p>тауықтың баласы<br/>екені туралы<br/>ұғымдар<br/>қалыптастыру.<br/>- Балапаным,<br/>балапан,<br/>Қайда кеттің<br/>ауладан?<br/>Суға бірге барайық,<br/>Саған бидай<br/>шашайық!<br/>Бидай шоқып тоқ-<br/>тоқ-тоқ,<br/>Қанатыңды соқ-соқ-<br/>соқ.<br/><b>(сенсорика, сөйлеуді<br/>дамыту)</b></p> |  | <p>жинайық,<br/>Ұяларға сай салайық.<br/>- Тауықтың ішіне не<br/>жасырылған?<br/>- Қандай пішіндерді<br/>жинап алған?<br/><b>(сенсорика, сөйлеуді<br/>дамыту)</b></p> | <p>ұғымдарды<br/>қалыптастыру.<br/>Педагог торғайды<br/>отырғаны, дән<br/>шоқып тұрғаны,<br/>ұшқаны туралы<br/>суреттерді дайындап<br/>қояды. Балалар сурет<br/>көрсетілген және<br/>сұрақтар қойылған<br/>кезде жауап<br/>қайырады.<br/>- Торғай бізбен<br/>ойнайды,<br/>Торғай бізден<br/>сұрайды:<br/>- Мен не істедім?<br/>Жауап беріңдер,<br/>Орындарыңнан<br/>тұрып көрсетіңдер.<br/><b>(сенсорика, сөйлеуді<br/>дамыту)</b></p> |
| <p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p> | <p><b>(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)</b><br/>1. "Керілу жаттығулары".<br/>– Бастапқы қалып: аяқты бірге немесе иық деңгейіне сай қою.<br/>– Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін жанға қарай созады, одан кейін керісінше осы ретпен кезек-кезек қайталайды.</p> |  |  |   |  |

|   |  |                                      |  |  |                                    |
|---|--|--------------------------------------|--|--|------------------------------------|
|   | <p>Жаттығу баяу, ақырын жасаулағ тиіс. Бірғақ: 1-2 -керілу- тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу дем шығару.</p> <p>2. "Қол мен иыққа арналған жаттығулар".</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.</li> <li>– Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау.</li> <li>– Түзу тұрған қолды айналдыру.</li> <li>– Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін кейін серпиді де, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады.</li> </ul> <p>3. "Аяққа арналған жаттығулар".</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне сай қою.</li> <li>– Аяқтың ұшына көтерілу, қайтадан өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></li> </ul> |                                      |  |  |                                    |
| <b>Таңғы ас</b>                             | <p>Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қасығымыз қайда?</li> <li>Табакшамыз қайда?</li> <li>Өзіме жақын тартайық,</li> <li>Тамақты тауысып алайық.</li> </ul> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>   |                                      |  |  |                                    |
| <b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> | <p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>Күн суық,<br/> Жаңбыр жауады.<br/> Жылы жаққа құс ұшады,<br/> Қанаттарын кең жаяды,<br/> "Қош!" - деп айтады.<br/> "Қош!" - деп айтады.</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>   |                                      |  |  |                                    |
| <b>Мектепке дейінгі ұйым</b>                | <b>Дене шынықтыру.</b><br>"Торғай секіреді".   | <b>Музыка.</b><br>"Күз сыйлаған топ- |  | <b>Дене шынықтыру.</b><br>"Көңілді секірейік!" | <b>Сурет салудан ойын-жаттығу.</b> |

|   |   |   |  |  |  |
|---|---|---|--|--|--|
| <p><b>кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p> | <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың үстінен екі аяқпен секіруді үйрету; заттардың үстінен екі аяқпен секіру жаттығуын жасау кезінде қимыл белсенділігін қалыптастыру; заттардың үстінен екі аяқпен секіру дағдыларына жаттықтыру. Заттар үстінен екі аяқпен секіре білу дағдыларын дамыту; заттардан аттау кезіндегі секіру қабілеттерін жетілдіру; секіру туралы ұғымдарын кеңейту; заттарды құлатпай екі аяқпен аттап секіруге дағдыландыру. Балаларды заттардың үстінен екі аяқпен</p> | <p>топ".<br/>Мақсат-міндеттері. Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, оның сыр-сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру. "Менің балапандарым қайда?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекіту.</p> |  | <p>Мақсат-міндеттері. Педагог балалардың психологиялық көңіл күйлерін көтеру үшін шабыттандыратын сөздерді пайдаланады: "Торғайға ұқсап көңілді секірейік!", "Бәріміз епті баламыз!", "Бәрекелді!", "Жарайсындар!" сөздерін пайдалану; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау тәсілдерін қолдану. "Көңілді секіреміз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Топқа бөлініп ойнауды, таяқшалардан аттап секіруді үйрету. Қимыл ептілігін дамыту. (дене шынықтыру)</p> | <p>"Сары балапан". Мақсат-міндеттері. Балаларды қарындаш жуандығындай таяқшаны үш саусақпен ұстап, сорғышқа оралған ұшын сары гуашь бояуына малып, балапан кескіні бойымен біркелкі қимылдармен жуан дақтарды қойып, балапан сұлбасы ішін толық бояуды үйрету; балапан бейнесін сақтау үшін өз қимылдарына бақылау жасап, кескін аясынан шығармауға дағдыландыру; бояудың бітуі туралы ұғымдар бере отырып, бояуға қайта малу амалдарын көрсету; сурет аяқталған соң</p> |
|---|---|---|--|--|--|

|  |   |   |  |   |   |
|--|---|---|--|---|---|
|  | <p>секіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу; достық, жолдастық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; құстарды қорғау және аялау сезіміне баулу.</p> <p>"Маған қарай секіріңдер" ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттардың үстінен екі аяқпен секіруді үйрету. (дене шынықтыру)</p> | <p><b>(музыка, сөйлеуді дамыту)</b></p> |  | <p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.</b></p> <p>"М. Мақатаевтың "Сап-сары жапырақтар" өлеңі". Мақсат-міндеттері. Балаларды М. Мақатаевтің "Сап-сары жапырақтар" өлеңінің үзіндісімен таныстыра отырып, күз мезгілінің құбылысы мен жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру; күздің құбылыстарын көркемсөзбен бейнелеуге жаттықтыру.</p> <p>"Жапырақтарды түстеріне қарай топтастыр, себетке бөліп жина" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Заттарды түстеріне</p> | <p>таяқшаны тіреушеге тіреп қоюға жаттықтыру; балапан денесі үлгілдеген мамыққа толы екені туралы ұғымдар беру.</p> <p>"Балапандар" қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балапандардың қимылдарын қайталауды үйрету. Дене қимылдарының икемділігін, есте сақтау, ойлау, зейін, сөйлеуді дамыту.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Көлдегі үйректер". Мақсат-міндеттері. Балаларға үйрек туралы ұғым бере отырып, сөйлеу тілін, үй құстарын эмоциялық қабылдауын дамыту.</p> |
|--|---|---|--|---|---|

|                          |  |   |  |  |   |
|--------------------------|--|---|--|--|---|
|                          |  |   |  | қарай топтастыруды үйрету. Еске сақтау, зейін, ойлау, сөйлеуді дамыту. <b>(дене шынықтыру, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</b>  | "Үйректі салайық" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Үйректің суретін салуды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту. <b>(сурет салу, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> |
| <b>2- таңғы ас</b>       | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</b> |   |  |  |   |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>                       |   |  |  |   |
| <b>Серуен</b>            | <b>Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).</b> Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың                          | <b>Ұшқан құстарды бақылау.</b> Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірімге жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы |  | <b>Ақшыл бұлтты бақылау.</b> Балаларға көгілдір ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. | <b>Ұшқан құстарды бақылау.</b> Балалардың көңілдерін жылы жаққа ұшқан құстарға аудару; құстардың үйірімге жиналып ұшатынын байқату, "құстар көп" сөздерін айтқызу; жыл құстары туралы             |

|  |  |   |  |   |  |
|--|--|---|--|---|--|
|  | <p>дыбыстарына еліктеуді үйрету.</p> <p>- Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Ненің дыбыстары естіліп тұр? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады.</p> <p>- Иә, бұл құстар шикылдайды.</p> <p>- Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге</p> | <p>ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>- Балалар, аспанға қарайықшы. Бұл нелер?</p> <p>- Иә, бұл құстар.</p> <p>- Құстар үйірімге жиналып, жылы жаққа ұшып барады.</p> <p>- Аспанда бір ғана құс па?</p> <p>- Құстар көп. Жарайсыңдар! Ескен Елубай "Құстар, қайтып келіңдер!" Құстар, қайтып келіңдер! Қимас әнге салады, Құстар қайтып барады. "Қош болыңдар!" - дегендей, Қанаттарын қағады. Сау-саламат болыңдар, Жылы жаққа барыңдар.</p> |  | <p>- Балалар, аспанға қараңдаршы. Бұл нелер?</p> <p>- Иә, бұлар ақ бұлттар.</p> <p>- Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясыңдар. Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасыңдар? <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.</b> Балаларды белгілі</p> | <p>ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>- Балалар, аспанға қарайықшы. Бұл нелер?</p> <p>- Иә, бұл құстар.</p> <p>- Құстар үйірімге жиналып, жылы жаққа ұшып жатыр.</p> <p>- Аспанда бір ғана құс па?</p> <p>- Құстар көп. Жарайсыңдар! <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды гүлзарды тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ескен Елубай</p> |
|--|--|---|--|---|--|



|  |   |   |  |   |  |
|--|---|---|--|---|--|
|  | <p>әрекет етуге баулу.<br/> <b>"Кім тыныш?" қимылды ойыны.</b><br/> Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; сигналға сай қозғалуға ынталандыру.<br/> - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ...</p> | <p>- Құстар ұшып кетсе де, біздің жаққа қайтып келеді.<br/> <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b><br/> балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.<br/> <b>"Қаздар" қимылды ойыны.</b><br/> Балаларды көркемсөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естігенде бір бағытта, бір-біріне соғылмай жүгіруді үйрету; жүгіргенде қолдарын жан-жаққа бұлғап,</p> |  | <p>бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру.<br/> Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді.<br/> Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда.<br/> Кім адаспай тауып алады,<br/> Қоңырауды қолға алады.<br/> Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды.<br/> Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырып жасырады.<br/> <b>"Аюдың орманында" қимылды жаттығу.</b><br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Балалардың бір-біріне қақтығысып қалмай, аяқтарын кең қалыпта ұстап,</p> | <p><b>"Құстар".</b><br/> Құстар, қайтып келіңдер!<br/> Қимас әнге салады,<br/> Құстар қайтып барады.<br/> "Қош болыңдар!" - дегендей,<br/> Қанаттарын қағады.<br/> Сау-саламат болыңдар,<br/> Жылы жаққа барыңдар.<br/> - Барлығымыз құстарға "бізге келіңдер" деп айтайықшы.<br/> Жарайсыңдар!<br/> Еңбекке баулу тапсырмалары:<br/> балаларға ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.<br/> Мақсат-міндеттері.<br/> Балаларға ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек</p> |
|--|---|---|--|---|--|

|  |  |  |  |  |   |
|--|--|--|--|--|---|
|  | <p>- Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ...</p> <p>- Бұл жақта не бар екен?</p> <p>- Тамаша!</p> <p>Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады.</p> <p><b>"Әткеншек"</b></p> <p><b>қимылды ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p>Бір жоғары, бір төмен,</p> <p>Күні бойы тербелем.</p> <p>Әткеншек-ау,</p> <p>әткеншек,</p> <p>Айнала бер бізбенен.</p> | <p>қаздың қимылын қайталауға ынталандыру;</p> <p>айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу.</p> <p>Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаздар боласыздар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Менен "бидай шаш" сөздерін естігенде, балалар, маған қарай қолдарыңды былай жайып бұлғап жүгіресіңдер.</p> <p>Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог</p> |  | <p>жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)</b></p> | <p>әрекеттерін жасауға машықтандыру;</p> <p>топтастарымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p><b>"Қораз" қимылды жаттығуы.</b></p> <p>Балаларды қораз (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санын сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру.</p> <p>Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.</p> <p>- Балалар, мен қандай құсты көрсетемін?</p> <p>- Иә, бұл қораз.</p> <p>Жарайсыңдар!</p> <p>- Қанекей, балалар,</p> |
|--|--|--|--|--|---|

|  |  |  |  |  |  |
|--|--|--|--|--|--|
|  | <p><b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p> | <p>қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. С. Бегалин "Қазым". Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын, жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ, жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. <b>"Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін</p> |  |  | <p>менің соңымнан қайталайықшы, қораз сияқты қимылдайық. Д. Ахметова "Қораз". Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. - Жарайсындар! - Балалар, қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. <b>"Шеңберден шықпа" жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу. <b>(қоршаған ортамен</b></p> |
|--|--|--|--|--|--|

|   |   |   |  |  |                                |
|---|---|---|--|--|--------------------------------|
|   |   | қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.<br><b>(қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b> |  |  | <b>танысу, дене шынықтыру)</b> |
| <b>Серуеннен оралу</b>                            | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>   |   |  |  |                                |
| <b>Түскі ас</b>                                   | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</b>  |   |  |  |                                |
| <b>Түскі ұйқы</b>                                 | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>   |   |  |  |                                |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b> | <p>Ауа ванналары.</p> <p>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.</p> <p>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма).</p> <p>Мөлдір су, мөлдір су!</p> <p>Сен менің бетім жу.</p> <p>Отты көзім ойнасын,</p> <p>екі бетім жайнасын.</p> <p>Күлкі кетпей ернімнен,</p> <p>Тісім тастан таймасын!</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</b></p> |   |  |  |                                |
| <b>Бесін ас</b>                                   | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту,</b>  |   |  |  |                                |

|   |   |  |  |   |   |
|---|---|--|--|---|---|
|   | <b>көркемсөзді қайталау)</b>  |  |  |   |   |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b> | <p><b>"Қайырлы таң!" мультфильмін көру.</b><br/>         Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастар жанында жүріп, үй жануарлары мен құстарды ажырату, атау қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p><b>"Қораз" қимылды жаттығуы.</b><br/>         Мақсат-міндеттері. Балаларға қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санының сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған</p> | <p><b>Құрастырудан ойын-жаттығу.</b><br/>         "Балапанға саты".<br/>         Мақсат-міндеттері. Балаларды балапанға кірпіштен саты құрастыруды үйрету; кірпішті бір-біріне жалғап қосып, кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, саты құрастыра білуге дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай балапанға саты жасауға жаттықтыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс істеу мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және</p> |  | <p><b>"Не, қалай дыбыстайды?" дидактикалық ойыны.</b><br/>         Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Педагог балаларға тырна мен торғай дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады. Кейін аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды "у-у-у", торғайларды "шиық-шиық" деп дыбыстайды.</p> | <p><b>"Бұлттар ұқсап ұшайық" қимылды ойыны.</b><br/>         Мақсат-міндеттері. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетіліген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. Балалардың көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br/> <i>Қ. Мырза Әли "Аспанда".</i><br/>         Бір бұлт шықты бие болып,<br/>         Бір бұлт шықты түйе болып,<br/>         Бір бұлт шықты шошқа болып,</p> |

|  |  |   |  |   |   |
|--|--|---|--|---|---|
|  | <p>жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.</p> <p>- Балалар мен қандай құсты көрсетемін?</p> <p>- Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар!</p> <p>- Қанекей, балалар, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.</p> <p>Д. Ахметова "Қораз".</p> <p>- Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана.</p> <p>- Жарайсыңдар!</p> <p>- Балалар, қораз қалай дыбыстайды?</p> | <p>байқағыштығын дамыту.</p> <p>"Балапанға саты" іс-тәжірибе жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кірпіштен саты құрастыруды үйрету, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту.</p> <p><b>Ойын-имитация.</b></p> <p><b>"Балапандар".</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға балапандардың қимылдары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, қимылдарына еліктеуге қызықтыру; түйсікті, эмоцияларды дамыту.</p> <p>Балаларға балапандар маскаларын кигізу.</p> <p>- Балапандар!</p> <p>Балапандар!</p> |  | <p><b>Музыкадан ойын-жаттығу.</b></p> <p>"Құстар әні".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, қызығушылығын білдіруге ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін жетілдіру.</p> <p>"Құстар ұясы" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету.</p> <p>Қимыл жылдамдығын дамыту. <b>(сөйлеуді дамыту, музыка, дене шынықтыру)</b></p> | <p>Бір бұлт шықты қошқар болып.</p> <p>Педагог:</p> <p>- Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.</p> <p>- "Қатты жел соқты!" деген сөзімді естігенде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап "ұшасыңдар".</p> <p><b>(қоршаған ортамен танысу, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)</b></p> |
|--|--|---|--|---|---|

|  |   |   |  |  |  |
|--|---|---|--|--|--|
|  | <p>- Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. <b>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</b></p> | <p>(орнында адымдау)<br/> Қалыспаңдар!<br/> Қайталаңдар!<br/> (орнында адымдау)</p> <p>Қатарларға тұрайық,<br/> (аяқтар иық енінде,<br/> қол белде)<br/> Қанаттарды соғайық.<br/> (тізе сәл бүгулі,<br/> алақанмен жамбасын<br/> қағу)</p> <p>Оңға созып<br/> мойынды, (қолдар<br/> белде, оңға еңкейіп,<br/> мойын созу, қарама-<br/> қарсы аяқ түзу,<br/> ұшында)<br/> Солға созып<br/> мойынды, (қолдар<br/> белде, солға еңкейіп,<br/> мойын созу, қарама-<br/> қарсы аяқ түзу,<br/> ұшында)</p> <p>Екі аяқта тұрып,<br/> Бір созайық</p> |  |  |  |
|--|---|---|--|--|--|

|                              |   |  |  |   |   |
|------------------------------|---|--|--|---|---|
|                              |   | мойынды, (аяқтар ұштарына тұру, мойынды жоғары созу) (кұрастыру, сөйлеуді дамыту)  |  |   |   |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | <b>Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.</b><br>Д. Ахметова "Қораз".<br>- Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br><b>(сөйлеуді дамыту)</b> | <b>Саусақ жаттығуы. "Балапан".</b><br>Сап-сары ойыншық,<br>Дыбыстайды:<br>"Шиық-шиық".<br>Балапан, жүні үлпілдек,<br>Тынымсыз, тентек.<br><b>(сөйлеуді дамыту)</b> |  | <b>Балапан ойыншығымен ойнату.</b><br>- Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатынды соқ-соқ-соқ.<br><b>(сөйлеуді дамыту)</b> | <b>"Құстарға жем".</b><br>Ермексаздан көлемі бірдей ұсақ кесектерді ұзу, жемді илеу амалын игерту.<br><b>(мүсіндеу)</b> |
| <b>Серуенге дайындық</b>     | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. <b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ірі және ұсақ моторикасын дамыту)</b>   |  |  |   |   |
| <b>Серуен</b>                | Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, сенсорика)</b>  |  |  |   |   |
| <b>Серуеннен оралу</b>       | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. <b>(дербес қимыл әрекеті)</b>  |  |  |   |   |



|   |   |
|---|---|
| <b>Кешкі ас</b>   | Тағамның атауын еске сақтау, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>  |
| <b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b> | <p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Қиылған суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік).</p> <p>Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары.</p> <p>Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру.</p> <p><b>"Балапандарды құс қорасына жинайық" ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Баланың өз ойыншығын "балапан" деп атап, (басқа баланың жанында отырғанда немесе онымен бірге) ойыншықты үстел үстімен жүргізіп, "құс қорасына" кіргізуге ынталандыру; алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаға балапан ойыншығын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лево материалдарынан жасалған "құс қорасына" кіргізуді ұсынады. Балалар балапан ойыншығын атап жатады.</p> <p>Балапан ойыннан шаршады,<br/>Балапанның қарны ашты.<br/>Не айтамыз балапанға?<br/>- Анаң күтіп қапты,<br/>Бас аяқты!</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ұсақ моторикасын дамыту)</b></p> |
| <b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>  | Әңгімелесу: "Баланың қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру", "Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары", "Күз құбылыстарын атап айтқызу және байқатудың маңызы".   |